



20 19 жылғы "26" 04

" " 20 года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Ж.Балапанов ауылы

№2 дана

I. Кіріспе бөлік

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алакөл ауданының Қызылашы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Мекеме). Мекеме Алматы облысты Әділет департаментінің Алакөл ауданының Әділет басқармасы 2013 жылдың 25 сәуірінде тіркеуден өтіп, заңды тұлға ретінде тіркеліп, тіркеу нөмірі 362-1907-15-ММ куәлігін алған.

Есеп айырысу операциялары Алматы облыстық Қазынашылық Департаментінің Алакөл аудандық басқармасы арқылы жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ85070103KSN0915000, бизнес сәйкестендіру номері: 130340011281.

Салықтық қызметтер Алакөл ауданының салық басқармасы арқылы көрсетіледі. Мекеме коды 1235291.

1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы: Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес пайдалануына аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні: Бекітілген аудит бағдарламасымен қамтылған бюджет қаражаты 123 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша 2017 жылы 17193,3 мың теңге, оның ішінде:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 16382,3 мың теңге;

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

007738

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету»бағдарламасыбойынша 363,0 мың теңге;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»бағдарламасыбойынша 448,0 мың теңге.

1.23 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша 2018 жылы 17639,3 мың теңге, оның ішінде:

001«Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»бағдарламасыбойынша 16989,4 мың теңге;

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету»бағдарламасыбойынша 350,0 мың теңге;

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»бағдарламасыбойынша 299,9 мың теңге.

2017және 2018 жылдарға арналған мекеменің қаржыландыру жоспарларымен барлығы 34832,6бюджет қаражаты қарастырылған.

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі: Сәйкестік аудиті.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы:Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Нұрханов Жұмахан Мұханұлы,мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №1351 сертификатымен.

1.7. Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма:Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ.Манамұратовтың 2019 жылдың 18 сәуірдегіқол қойған №02-16/6.19-128-Таудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырмасы.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап, 2018 жылдың желтоқсанын қоса алғанда.

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:2019 жылдың 23сәуірінен 26сәуір аралығы.

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

Мекемеге, Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ.Манамұратовтың2019 жылғы 18 сәуірдегіқол қойғанаудиторлық іс – шараны жүргізу туралы №02-13/610хабарламасы беріле отырып, мекеме басшысы Талгат Ашимович Мамановтың келісімімен және есепші Лаззат Серикбаевна Сулейменованың қатысуымен аудиторлық іс-шара жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған кезеңде бірінші қол қою құқығы мекеме басшысы Т.Маманов, екінші қол қою құқығы есепші Л.Сулейменовада болған.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:Жүргізілген жоқ.

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:



Мекемеде, Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ.Исаевтың 2017 жылғы 07 наурыздағы қол қойған №02-16/39.26-35-Т тапсырмасы негізінде, тексеру комиссиясының бас маман-мемлекеттік аудиторы С.Елубаева 2015 жылдың сәуірінен бастап 2016 жылдың желтоқсанын қоса алған кезеңге жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізген.

2017 жылдың 09 наурызынан 13 наурыз аралығында жазылған аудиторлық есеппен заңсыз төленген 9,9 мың теңге көлеміндегі іссапар шығындары бюджеттің кірісіне қайтарылған.

Тексеру комиссиясының бақылауда тұрған аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтар болмады.

II. Негізгі бөлік

2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіш:

Мәнділік- аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де кателер.

Көрсеткішті қолдану бойынша түсіндірме:

Аталған көрсеткішті ашу мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, келесідей мәнділік деңгейі айқындалды: лауазымды тұлғалар – мекеме қызметкерлерінің өз лауазымдық қызметін атқару барысында қызметтік нұсқаулықта көрсетілген міндеттердің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарын сақтауына талдау жасалды.

2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атаулары:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі тексеру.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

9. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

Аудитпен қамтылған қаржы жылдарында бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша әкімшілік шығыстардың жобасыаудандық Мәслихаттың тұрақты бюджет комиссиясында қаралып мақұлдаған бюджеттік өтінімде ұсынылған функционалдық және экономикалық сыныптама бойынша ерекшеліктердің құрылымын ескере отырып, шығыстардың есептері негізінде қабылданған жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімдерімен бекітіліп және бекітілген жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулыларына сәйкес жоспарланып іске асырылған. Мекеменің қаржыландырудың жеке жоспарыаудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысымен келісіліп, Алақола ауданының әкімімен бекітілген.

Қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қарамағындағы мемлекеттік мекемелерден алынған есептемелер және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарын өзгерістер енгізу туралы өтінімдер негізінде жасалған, қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жасалған анықтамалар арқылы жүзеге асырылған.

Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарлары 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің

24.11.2014 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидалары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің

атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі» талаптары басшылыққа алынған және «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығына сәйкес, бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы мен экономикалық сыныптамаларының құрылымдары негізінде жасалып, бекітілген.

Мекеменің бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшіліктік шығыстарды жоспарлау, жоспарларға өзгерістер енгізу, қаражатты кассалық орындау туралы ақпарат 1-кесте №3 қосымша 4 парақта аудиторлық есепке тіркелді.

Бағдарлама мәселесі «Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығын тексеру.

Мекемеде аудитпен қамтылған кезеңдежабдықтаушыларға, қызмет көрсетушілермен, мердігерлерге қаржы аударуға барлығы 47 келісім шарт жасалған. Соның ішінде **2017 жылы** келесі бағдарламалармен 26 келісім шарт жасалған:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қатамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының келесі ерекшеліктері бойынша 21 келісім шарт:

123 «Міндетті сақтардыру жарналары» ерекшелігімен жасалған 1 келісім шарт негізінде қызметтік автокөлікке сақтандыру бойынша 15,4 мың теңгеге төленген.

144 «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» ерекшелігімен жасалған 2 келісім шарт негізінде қызметтік автокөлікке және ғимаратты жылытуға 3089,9 мың теңгеге жанар-жағар май сатып алынған.

149 «Өзге де қорларды сатып алу» ерекшелігімен жасалған 4 келісім шарт негізінде 369,4 мың теңгеге кеңселік тауарлар, газет және журналға жазылым, шаруашылық және автокөлікке бөлшектер сатып алынған.

151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігімен жасалған 1 келісім шарт негізінде 127,1 мың теңгеге электроэнергия қуатын пайдалану үшін төленді.

152 «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу» ерекшелігімен жасалған 1 келісім шарт негізінде 234,7 мың теңгеге байланыс қызметтеріне ақы төленген.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақы төлеу» ерекшелігімен жасалған 12 келісім шарт негізінде 707,1 мың теңге «Парус-Каз бюджет» бюджеттік бағдарламалық өніміне қызмет көрсетуге, семинарға

катысу, заң базасына, банктік қызмет көрсетуге, компьютерлік/перифериялық оргтехниканы жабдықтауға және олардың бөлшектеріне техникалық қызмет көрсетуге аударылған.

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы 414 ерекшелік бойынша жасалған 4 келісім шарт негізінде жалпы сомасы 448,0 мың теңге негізгі құралдар: 2 елтанба, 5 ту және, 1 катридер сатып алынған.

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша жасалған 1 келісім шартқа сәйкес жолдарды қардан тазарту жұмыстарына 363,0 мың теңге төленген.

2018 жылы келесі бағдарламалармен 22 келісім шарт жасалған:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қатамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының келесі ерекшеліктері бойынша 22 келісім шарт:

123 «Міндетті сақтардыру жарналары» ерекшелігімен жасалған 1 келісім шарт негізінде қызметтік автокөлікке сақтандыру бойынша 16,3 мың теңгеге төленген.

144 «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» ерекшелігімен жасалған 2 келісім шарт негізінде қызметтік автокөлікке және ғимаратты жылыту 3648,6 мың теңгеге жанар-жағар май сатып алынған.

149 «Өзге де қорларды сатып алу» ерекшелігімен жасалған 4 келісім шарт негізінде 381,0 мың теңгеге теңгеге кеңселік тауарлар, газет және журналға жазылым, шаруашылық және автокөлікке бөлшектер сатып алынған.

151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігімен жасалған 1 келісім шарт негізінде 159,6 мың теңгеге электроэнергия қуытын пайдалану үшін төленді.

152 «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу» ерекшелігімен жасалған 2 келісім шарт негізінде 180,0 мың теңгеге байланыс қызметтеріне ақы төленген.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақы төлеу» ерекшелігімен жасалған 10 келісім шарт негізінде 746,0 мың «Парус-Каз бюджет» бюджеттік бағдарламалық өніміне қызмет көрсетуге, семинарға қатысу, заң базасына, банктік қызмет көрсетуге, компьютерлік/перифериялық оргтехниканы жабдықтауға және олардың бөлшектеріне техникалық қызмет көрсетуге аударылған.

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы 414 ерекшелік бойынша жасалған 2 келісім шарт негізінде жалпы сомасы 299,9 мың теңге негізгі құралдар: 1 ноутбук және 3 МФУ 3v1 сатып алынған.

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз

ету»бағдарламасыбойынша жасалған 1 келісім шартқа сәйкесжолдарды кардан тазарту жұмыстарына 350,0 мың теңге төленген.

Банк операциялары ашылған есеп шот бойынша іріктеп алу әдісі арқылы тексерілді.

Мекеме және жабдықтаушылар мен қызмет көрсетушілер арасында жасалған келісім шарттардың талаптары орындалған. Тауар уақытылы жеткізілген, қызметтер толық көрсетілген. Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың функционалдық сыныптамасына және экономикалық сыныптамалары ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген, 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптары сақталған.

Банк операцияларының №381 формалары №2 мемориалды ордердегідей Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне» сәйкес жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен келісім шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 «Шығындардың жиынтық есебі» нысанына сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» нысанының құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан артық тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған.

Бағдарлама мәселесі«Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру:

2017 жылғы мекеменің штаттық кестесі 5 штаттық бірлік санымен512,1 мың теңге айлық еңбек ақы қорымен аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімімен келісіліп аудан әкімімен бекітілген.

2018 жылғы 5 штаттық бірлік санымен 516,0 мың теңге айлық еңбек ақы қорымен аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімімен келісіліп аудан әкімімен бекітілген,

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 Жарлығына, 2017 жылғы 16 қазандағы №646 қбп «Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес мемлекеттік қызметте атқарған жұмыс өтілі бойынша белгіленген коэффициенттері базалық лауазымдық жалақыға көбейту негізінде айқындау арқылы есептелініп, төленген. Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларына үстеме және қосымша ақыларды төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға арналған мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстеме ақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Техникалық қызмет көрсететін қызметкерлерінің 2017 жылға арналған тарификациялық тізімі 6 штаттық бірлік санымен 263,2 теңге айлық еңбек ақы қорымен аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімімен келісіліп, аудан әкімімен бекітілген.

Техникалық қызмет көрсететін қызметкерлерінің 2018 жылға арналған тарификациялық тізімі 6 штаттық бірлік санымен 283,8 мың теңге айлық еңбек ақы қорымен аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімімен келісіліп, аудан әкімімен бекітілген.

Техникалық қызметкерлерге еңбек ақы есептеп төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы негізінде жүргізілген.

Аудиторлық ісшара жүргізу барысында еңбекақы, сыйақы, үстеме ақылардың және сауықтыру жәрдемақыларының есептелуі мен төленуі және қызметкерлермен есептесуде жұмысқа қабылданған туралы, босатылғаны, еңбек демалысы туралы бұйрықтары қаралды. Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға

байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 «Орташа жалақы есептеудің

бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес есептелініп төленген.

Еңбекке уақытша жарамсыздық жәрдемақысын тағайындап есептеуде ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.11.2015 жылғы № 907 «Еңбекке уақытша жарамсыздық жәрдемақысын тағайындау және төлеу ережесін бекіту туралы» бұйрығын, мөлшерін өтеуде ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1103 «Еңбекке уақытша жарамсыздық жәрдемақысының мөлшерін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алған.

Бағдарлама мәселесі «Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

4. Іс-сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігін тексеру.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындары өтеуда мекемеде 2017 жылы 43,8 мың теңге 136 ерекшелік бойынша, 329,6 мың теңге 161 ерекшелік бойынша. 2018 жылы 76,9 мың теңге 136 ерекшелік бойынша, 167,0 мың теңге 161 ерекшелік бойынша төленген. Іссапар шығындары Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 қаулысы және оған кейінгі енгізілген толықтырулар мен өзгертулері талаптарына сәйкес жүргізілген.

Аванстық есеп жүргізіліп, оған негіз болатын бұйрықтар, шот-фактуралар және басқа да құжаттары қоса тігілген. Есепті тұлғаларға іс-сапары мақсатына төленген қаржы әр тұлғаның жеке карт шоттарына аударылып отырған.

Бағдарлама мәселесі «Іссапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

Мекеменің ғимараты бар. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың пайдаланылуы «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығына негізделген.

Мекеме теңгерімінде «Lada 21214» маркалы мемлекеттік тіркеу нөмірі 216VV05 2012 жылы шығарылған 1-автокөлік тіркелген. Автобөлшектер орнату комиссия құрамы жасаған салу актілері негізінде, қосалқы бөлшектер

ақаулы актілерге сай есептен шығарылған. Автокөлікке жанармай жол қағаздары бойынша нақты 100 км жүрілген жолға байланысты мекеме басшысы бекіткеннен кейін есептен шығарылып отырған. Есептен шығару нормаларын анықтауда ҚР Үкіметінің 11.08.2009 жылғы № 1210

«Автокөліктер және арнайы техникаларға арналған жанармай мен жұмсалатын материалдардың нормалары ережесін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алған. Қосалқы бөлшектер ақаулы актілерге сай есептен шығарылған.

Бағдарлама мәселесі «Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігімен жасалған 1 келісім шарт негізінде 127,1 мың теңгеге ТОО «Жетысу энерготрейд» электроэнергия қуатын пайдалану үшін төленді.

152 «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу» ерекшелігімен жасалған 1 келісім шарт негізінде 234,7 мың теңгеге АО «Казахтелеком» филиалы байланыс қызметтеріне ақы төленген.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесіне сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Жеткізушілердің және жабдықтаушы, қызмет көрсетуші ұйымдар мен кәсіпорындардың тиісті құжаттарымен расталған. Мекеменің бухгалтерлік балансында 01.01.2017 жылға, 01.01.2018 жылға, 01.01.2019 жылға дебиторлық және кредиторлық қарыздары болмаған.

Бағдарлама мәселесі «Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарына жұмсалған қаражаттың негізділігін тексеру.

2017 жылы мекемемен 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 414 «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» ерекшеліктен 4 келісім



шарт жасалып барлығы 448,0 мың теңгеге құрал жабдықтар сатып алынған, оның ішінде;

1 дана Елтаңба сыртқы, құны 350 000 теңге, 1 дана Елтаңба ішкі, құны 58000 теңге, 1 дана картридер, құны 10000 теңге, 5 дана Ту, құны 30000 теңге.

2018 жылы мекемемен 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 414 «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» ерекшеліктен 2 келісім шарт жасалып барлығы 229,9 мың теңгеге құрал жабдықтар сатып алынған, оның ішінде;

1 дана ноутбук, құны 147,0 мың теңге және МФУ 3 в 1 1 дана, құны 152,9 мың теңге.

Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарының жеткізілуінің және нақты бар болуының анықтығы бақылау өлшемін жүргізу арқылы расталды. Жеткізілген тауарлар жүкқұжаттарымен расталған, ақысы толық төленген.

Бағдарлама мәселесі «Мемлекеттік органның күрделі шығыстарына жұмсалған қаражаттың негізділігін тексеру» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша жасалған 1 келісім шартқа сәйкес жолдарды қардан тазарту жұмыстарына 350,0 мың теңге төленген.

9. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында басқа мәселелер туындаған жоқ.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

3.1.1 Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес бағалау:

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, келесідей мәнділік деңгейі айқындалды: аудит жүргізу барысында

бұзушылықтың құрамында қаражатты нұқсан келтірмей негізсіз пайдалану болмаған рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталмады.

Аудиторлық тәуекел деңгейлері – жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының тексерілмеген түпнұсқалары.

Іріктеу параметрлері еңбекақы есептеу және төлеу құжаттары толығымен – , іс-сапар құжаттары -толығымен, пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөлік бойынша құжаттардың түпнұсқалары –толығымен. жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың түпнұсқалары, әлеуметтік саладағы әлеуметтік көмек көрсетілген туралы құжаттар- әрбір бесінші құжат қаралды. Іріктеліп тексерілген құжаттардан нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкессіздіктер

анықталмағандықтан, тәуекел деңгейі жоғарылаған жоқ. Жабдықтаушылармен және мердігерлермен есеп-айырысулардың және еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының іріктеп алғанынан басқалары тексерілмеді.

Осы аудиторлық есептің негізгі бөлігінде көрсетілген аудит бағдарламасы мәселелері бойынша жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізілді. Аудит барысында мекеменің лауазымдық тұлғаларының өз қызметтік міндеттеріне жауапсыздық танытуы, қаржылық бұзушылықтар орын алған жоқ.

Мекеме өз қызметін 2016 жылғы 7 маусымдағы №482 бұйрығына 1-қосымшасы негізінде Алакөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 сәірдегі №4-102 қаулысымен бекітілген «Алакөл ауданының Қызылащы ауылдық округі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережесіне, Қазақстан Республикасының заңдарына, нормативті құқықтық актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырған.

Сәйкестікке аудит жүргізу барысында аудит нысанымен қаржылық және шаруашылық операциялар жүгізу заңнамалары, ішкі нормативтік актілер және нысан қызметінің тиімділігі құжаттары айтарлықтай сақталғаны нормативтік құқықтық актілердің талаптарына бұзушылықтар, сәйкессіздіктер анықталмады.

Бұзушылық деңгейі – 0 пайыз, айқындалған мәнділіктің деңгейінен төмен. Жалпы, мекеме нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қанағаттанарлық қызмет атқарған деген пікір қалыптасты.

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкеріне мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: Аудит барысында анықталған бұзушылықтың себебі жөнінде мекеме есепшісінің түсінігі алынды, Кәсіпорын басшысының жаза қолдану туралы бұйрығы тіркелді және келешекте қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарын мүлтіксіз орындау тапсырылды.

IV. Қосымшалар:

1). Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымша 2 парақта;

2). Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша 4 парақта;



3).№1 кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат №3 қосымша 4 парақта;

4).Мекеме басшысының тексеру комиссиясының мүшесіне жазған Ұсыным хаты №4 қосымша 1 парақта;

5).Анықталған бұзушылық бойынша түсініктеме және тәртіптік жаза бұйрығы, дәлел құжаттары №5 қосымша (2-парақта);

6).Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы апта сайынғы есеп №6 қосымша 3 парақта;

7). Мекеменің құрылтай құжаттары анықтама мен Жарғысы №7 қосымша 7 парақта;

8).Аудиторлық бағдарламаның мәселелері бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған жағдайда қаралған құжаттар тізбесі №8 қосымша 1 парақта;

9).Бақылау өлшемі (тексеріп қарау) АКТІСІ, №9 қосымша 1 парақта;

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бас маман-мемлекеттік аудитор



Ж.Нұрханов

Аудитке тартылған мемлекеттік органдардың мамандары, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың қызметкерлері, сарапшылар

Аудиторлық есеп екі данада жасалды: (№1 данасы №007737 бланкте «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне, №2-ші данасы №007738 бланкте «Алақөл ауданының Қызылащы ауылдық округі» мемлекеттік мекемесіне).

**Бақылау өлшемі (тексеріп қарау)
АКТІСІ**

Ж.Балапановауылы
№1 дана

2019 жылғы «25» сәуір

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қанат Манапұратовтың 2019 жылдың 18 сәуіріндегі №02-16/6.13-128-Т қол қойған тапсырмасына сәйкес, жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуына аудит жүргізубарысында «Алакөл ауданының Қызылащы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Нұрханов Ж.М., мекеме басшысы Т.Маманов және есепші Л.Сулейменованың қатысуымен 2017-2018 жылдары мекемемен 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 414 «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» ерекшеліктен сатып алынған заттардың, тауарлы - материалдық құндылықтардың жеткізілуінің және нақты бар болуының анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүргізілді.

2017 жылы мекемемен:

1. Катридер 1 дана, құны 10 000 теңге, инвентарлық нөмірі – 236005000020

2. Елтаңба сыртқы 1 дана, құны 350 000 теңге, инвентарлық нөмірі – 237006000023

3. Елтаңба ішкі 1 дана, құны 58 000 теңге, инвентарлық нөмірі – 237006000022.

4. Ту 5 дана, құны 30000 теңге, инвентарлық нөмірі – 237006000024-237006000028;

2018 жылы мекемемен:

1. Ноутбук 1 дана, құны 147 000 теңге, инвентарлық нөмірі – 236005000021;

2. МФУ 3v13 дана, құны 152 970 теңге, инвентарлық нөмірі – 236005000022-236005000024 алынған.

Тексеріп қарау нәтижесінде жетіспеушілік немесе басқа бұзушылық анықталмады.

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бас маман-мемлекеттік аудитор



Ж.Нұрханов

Мекеме басшысы



Т.Маманов

Мекеме есепшісі



Л.Сулейменова

(Бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісі) Екі данада жасалды:
№1 данасы «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне, №2-ші данасы «Алакөл ауданының Қызылаңы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне).

**Бақылау өлшемі (тексеріп қарау)
АКТІСІ**

Ж.Балапанов ауылы
№1 дана

2019 жылғы «24» сәуір

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қанат Манапұратовтың 2019 жылдың 18 сәуіріндегі №02-16/6.13-128-Т қол қойған тапсырмасына сәйкес, жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуына аудит жүргізубарысында «Алакөл ауданының Қызылащы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Нұрханов Ж.М., мекеме басшысы Т.Маманов және есепші Л.Сулейменованың қатысуымен 2017-2018 жылдары мекемемен 123013000 «Аудандық маңызы бар бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамыз ету» бағдарламасы бойынша 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшеліктен жолдарды қардан тазалау жұмыстар жүргізілді.

2017 жылы 363 000 теңге, кассалық және нақты шығыс 363 000 теңгені құрады аяқтау актісіне сәйкес төленген.

2018 жылы 350 000 теңге, кассалық және нақты шығыс 350 000 теңгені құрады аяқтау актісіне сәйкес төленген.

Тексеріп қарау нәтижесінде жетіспеушілік немесе басқа бұзушылық анықталмады.

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бас маман-мемлекеттік аудитор



Ж.Нұрханов

Мекеме басшысы



Т.Маманов

Мекеме есепшісі



Л.Сулейменова

(Бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісі) Іекі данада жасалды:
№1 данасы «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне, №2-ші данасы «Алакөл ауданының Қызылащы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне).